

«2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы»
ҚР Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
Заң жобасын қарау бойынша ҚР Парламенті Сенатының
Пленарлық отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасы Т. Сүлейменовтің баяндамасы,
Астана қ., 2024 жыл, 5 желтоқсан

Құрметті Мәулен Сағатханұлы!

Құрметті Сенаторлар!

Жаһандық экономика геосаяси тұрақсыздық жағдайында дамып келеді. Соның әсерінен нарықтарда жоғары құбылмалылық сақталып отыр.

Еліміздің экономикасы үшін маңызды саналатын **мұнай нарығының даму барысында** өзгеріс байқалады. Мұнайдың қазіргі және күтілетін әлемдік бағасы төмендеп келеді.

Әлемдік экономиканың өсімі Халықаралық валюта қорының қазан айындағы болжамына сәйкес **2024** және **2025** жылдары **3,2%-ті** құрайды.

Елімізде экономиканың өсімі оң динамиканы сақтап отыр. Биылғы 9 айда **жалпы ішкі өнім 4,1%-ті** құрады. Өсім барлық секторда байқалады.

Қараша айының қорытындысы бойынша жылдық инфляция біршама төмендеп, **8,4%** деңгейінде қалыптасты. **Алайда, бұл көрсеткіш әлі де Ұлттық Банктің 5%-тік таргетінен алыс.**

Қарашаның қорытындысы бойынша **ақылы қызметтер** бағасы **13,3%-ке** өсіп, инфляцияға едәуір үлес қосты.

Бұл **«Тарифті инвестицияға айырбастау»** бағдарламасына және бірқатар **нарықтық қызметтердің** қымбаттауына байланысты.

Импорттық бағаның өсуі салдарынан **азық-түлікке жатпайтын тауарлар** бағасы **8,0%-ке** дейін жеделдеді.

Бұл ретте, азық-түлік тауарларының дезинфляциясы **жалпы инфляцияны біршама баяулатуға оң ықпал** етті. Алайда, қарашада оның **5,4%-ке** жеделдегені тіркелді.

Жалпы алғанда, Ұлттық Банктің **ұстамды қатаң ақша-кредит саясаты** мен Үкіметтің **инфляцияға қарсы шараларының** нәтижесінде баға динамикасы **біздің болжамымызға сәйкес** қалыптасып келеді. Осы жылдың қорытындысы бойынша инфляция **8-9%** аралығында қалыптасады деп күтілуде.

Сонымен бірге, сыртқы секторда да, ішкі экономикада да **инфляция тәуекелдері** бар екенін атап өтемін.

Сыртқы тәуекелдерге геосаяси тұрақсыздық, қаржы және тауар нарықтарындағы жоғары құбылмалылық жатады.

Сонымен бірге, **АҚШ жаңа Президентінің сауда тарифтік** саясат пен **мұнай** нарығына қатысты саясаты жағдайды құбылтып тұр. Оған қоса АҚШ Федералды Резервтік Жүйесінің әрекетін мұқият бақылап отырған жөн.

Ресейге қарсы қосымша санкция енгізумен байланысты **геосаяси жағдайдың** ушығуы валюта мен қаржы нарықтарында қауіпті күшейтті.

Ішкі тәуекелдерге келетін болсақ, оның ішінде **реттелетін бағалар** саласындағы реформаларды, **тұтынушылардың жоғары сұранысын, инфляциялық күтулердің** жоғарылағанын атап өткен жөн.

Ішкі инфляциялық факторлардың ішінен – **Ұлттық қордан бөлінетін трансферттерді** ерекше атап өтемін.

Бюджет әлі де Ұлттық қордың трансферттеріне сүйеніп отыр. Соның салдарынан **мұнайдан тыс тапшылық жоғары күйінде қалды.**

Биыл Ұлттық қордан **тікелей трансферттер** көлемі **5,6 трлн** теңгені құрады, ал қордан алынған барлық қаражат **6 трлн** теңгеден асады.

Бұл ретте Ұлттық қор қаражатын **жұмсау көлемі** де, **бағыттары** да маңызды. Ұлттық қордан бөлінетін қаражат қазақстандық тауарлардың көлемін арттыруға **нақты жобаларды** қаржыландыруға бағытталуы керек. Сондай-ақ, бұл шығыстардың сапасы, тиімділігі мен өнімділігі өте маңызды.

Осы мәселелер жүргізіп жатқан саясатымыздың маңызды факторлары саналады.

Бәрімізге мәлім, жақында АҚШ долларына қарсы **теңге әлсіреді.** Бұл **қосымша инфляциялық** фактор болып табылады және ол инфляциялық күтулерге әсер етеді.

Құрметті сенаторлар!

Инфляция – халықтың **сатып алу қабілетіне** және **экономиканың тұрақтылығына** әсер ететін маңызды фактор. Жоғары және тұрақсыз инфляция азаматтардың жинақтары мен табысын құнсыздандырады. Соның өзі оларды шетелдік валюта активтеріне көшуге ынталандырады.

Бизнес үшін бұл **ұзақмерзімді жоспарлауды** қиындатады, **инвестиция жасауға** деген ниетін төмендетеді және **экономиканың өсу үрдісін** баяулатады.

Сондықтан инфляциямен күресу және оны тұрақтандыру – біздің экономикалық саясатымыздағы **басымдық** болып қала береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, Үкіметпен бірге ортақ **саясатымызды үйлестіру** бағытындағы жұмысымызды жалғастыра береміз.

Ұлттық Банк инфляцияның 5%-тік таргетіне жету жолында **негізделген және теңдестірілген шешімдер** қабылдайтын болады. Бұл **азаматтардың әл-ауқатын** арттыруға және **экономикамыздың тұрақты өсуіне** жағдай жасайды.

Назарларыңызға рақмет!